

**«Қазақстанның орнықтылық қоры»
акционерлік қоғамы Басқармасының
шешімімен (2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 63 хаттама) бекітілді**

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулығы**

Алматы қаласы, 2019 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбегін қорғау жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және жұмыскерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған.

1.2. Осы Нұсқаулықты сақтау «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қор) қызметті жүзеге асыру кезінде жұмыс беруші мен жұмыскерлердің орындауы үшін міндетті.

2. Жұмыс орындарының қауіпсіздігі жөніндегі талаптар

2.1. Жұмыс орындары орналастырылатын ғимараттар (үймереттер) өз құрылымы бойынша олардың функционалдық мақсатына және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.2. Жұмыс жабдығы жабдықтың осы түрі үшін белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуі, тиісті ескерту белгілерінің болуы және жұмыс орындарында жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоршаулармен немесе қорғау құрылғыларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

2.3. Апаттық жолдар мен жұмыскерлер үй-жайдан шығатын жерлер бос болуы, ашық ауаға немесе қауіпсіз аймаққа шығарылуы тиіс.

2.4. Қауіпті аймақтар нақты белгіленуі керек. Егер жұмыс орындары жұмыс сипатына байланысты өмір мен денсаулыққа қатер төндіретін қауіпті аймақтарда болса, онда мұндай орындар мүмкіндігінше бөгде адамдардың осы аймақтарға кіруіне кедергі келтіретін құрылғылармен жабдықталуы тиіс. Қордың аумағы бойынша жұмыскерлер мен клиенттер (контрагенттер) қауіпсіз жағдайда жүріп-тұруы тиіс.

2.5. Жұмыс уақытында температура, табиғи және/немесе жасанды жарықтандыру, сондай-ақ жұмыс орындары орналасқан бөлмедегі желдету қауіпсіз еңбек жағдайларына сәйкес келуі керек.

2.6. Қордың әрбір жұмыскері өрт қауіпсіздігі талаптарын білуге, қатаң орындауға және сақталуын қамтамасыз етуге, ал өрт туындаған кезде адамдарды, мүлікті құтқару және өртті сөндіру бойынша өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға міндетті.

2.7. Жұмыс беруші әкімшілік, қоймалық және қосалқы үй-жайларда қатаң өртке қарсы режимді орнатуға, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын үнемі бақылауға және жұмыскерлерден олардың сақталуын талап етуге, барлық қажетті өрт сөндіру құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2.8. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар, егер заңнама бойынша жол берілген бұзушылықтар қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмаса, әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

2.9. Қор жұмыскері Қордың ішкі құжатында көзделген ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауға міндетті.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары

3.1. Жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі талаптары мемлекеттік стандарттар мен осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

3.2. Дербес компьютерлермен (Қорда пайдаланылатын дербес компьютерлер (бұдан әрі – ДК) мен перифериялық жабдықтар кернеуі 1000 вольтке дейінгі электр қондырғыларына жатады) жұмыс істеу кезіндегі қауіпті факторлар:

- 1) спектрдің иондаушы бөлігінің электромагниттік өрісі;
- 2) тұйықталуы адам денесі арқылы өтуі мүмкін электр тізбектеріндегі кернеудің қауіпті деңгейі.

3.3. ДК-де жұмыс істеуге:

- 1) еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша тиісті нұсқамалардан өткен;
- 2) Нұсқаулықпен танысқан, ДК қосу және өшіру тәртібін, сондай-ақ оны пайдалану

талаптарын білетін жұмыскерлер жіберіледі.

3.4. Жұмыскерлер келесі жағдайларда компьютерді желіден дереу ажыратып, ДК жөндеу және техникалық қызмет көрсету мамандарын шақырады:

1) желілік сым немесе аша зақымдалған кезде;

2) ДК-ге сұйықтық түскен кезде, ДК-ден бөгде дыбыстар немесе өзгеше иіс пайда болған жағдайда;

3) ДК құлаған және/немесе корпусқа өзге де зақым келген кезде.

3.5. Көшіру аппараттарымен жұмыс істеу кезінде келесі талаптар орындалуы керек:

1) көшіру аппаратында жұмыс істеуге көшіру аппаратына қызмет көрсету бойынша тәжірибесі бар адамдар жіберіледі;

2) көшіру аппаратына техникалық қызмет көрсетуді техникалық маман немесе сервистік ұйымның маманы жүргізуі тиіс;

3) көшіру аппараты жақсы желдетілетін үй-жайларда берік, тегіс бетке орнатылады;

4) көшіру аппараты жерге тұйықтау сымы бар розеткаға қосылады.

3.6. Көшіру аппараттарында жұмыс істеу кезінде жұмыскерге мынадай зиянды факторлар әсер етуі мүмкін: жоғары ультракүлгін сәулелену, көшіру аппаратының жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттар (озон), тонер құрамындағы зиянды заттар (селен, графит).

3.7. Қызметтік үй-жайларда:

1) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға, ашық отты пайдалануға;

2) қызметтік кабинеттерде, дәліздерде және темекі шегуге арнайы бөлінген үй-жайлардан басқа үй-жайларда темекі шегуге;

3) әртүрлі электр жылыту аспаптарын (қайнатқыштар, электр плиткалары, үтіктер, автоматты түрде өшпейтін электр шайнектері және т.б.) орнатуға және пайдалануға;

4) үй-жайдан кеткенде жарықтандыруды, ДК, көшіру аппараттарын және басқа да жабдықтарды (тәулік бойы жұмыс істейтін жабдықты қоспағанда) қосулы қалдыруға;

5) ақаулы электр аспаптарын немесе ұйымдастыру техникасын пайдалануға тыйым салынады. Электр аспаптары немесе ұйымдастыру техникасы ақаулы болған кезде (жану, түтін, ұшқын, электр сымдарының оқшауламасының бұзылуы пайда болған кезде) жабдықты ажыратып, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамға дереу хабарлау, маманды шақыру, сондай-ақ тікелей басшыға хабарлау қажет.

3.8. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзуы салдарынан жұмыстарды тоқтата тұру уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) және орташа жалақысы сақталады.

3.9. Жұмыскердің өмірі мен денсаулығына немесе айналасындағы адамдарға тікелей қауіп төнген жағдайда жұмысты орындаудан бас тартуы оны тәртіптік және (немесе) материалдық жауапкершілікке тартуға әкеп соқтырмайды.

3.10. Жұмыскер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда оған келтірілген зиянды өтеу Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және талаптарда жүргізіледі.

3.11. Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді, олардың білімін тексеруді жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жүргізеді.

3.12. Жұмысқа қабылданған адамдар міндетті түрде осы нұсқаулықпен танысып, кейіннен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін міндетті түрде тексеруі керек.

3.13. Жұмыс беруші Қордың ішкі құжатында көзделген ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18.00-ге дейін Қордағы еңбек қауіпсіздігінің және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

3.14. Әкімшілік басқармасының бастығы Қордағы еңбек қауіпсіздігінің және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге жауапты болып табылады.

3.15. Әрбір құрылымдық бөлімшенің ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы еңбек қауіпсіздігінің және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге жауапты болып табылады.

4. Жұмыс басталар алдында, жұмысты орындау кезінде және апаттық жағдайларда, жұмыс аяқталғаннан кейін өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар, компьютерлермен жұмыс істеу кезіндегі ерекше талаптар

4.1. Жұмыскер жұмыс басталар алдында:

- 1) жұмыс орнын дайындауға;
- 2) электр сымдарының, розеткалар мен штекерлердің көрінетін зақымдануларының жоқтығына көз жеткізуге міндетті.

4.2. Жұмысты орындау кезінде:

- 1) қосу (жүйелік блок, компьютерлік монитор, принтер) және тиісінше өшіру тәртібін сақтауға;
- 2) ДК-де жұмыс істеу кезінде санитариялық-гигиеналық еңбек режимін сақтауға:
 - жұмыстың әр сағатынан кейін 5-10 минутқа үзіліс жасауға;
 - үзіліс кезінде көзге және дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар жасауға міндетті.

4.3. Апаттық жағдайларда:

- 1) ДК ақаулары немесе жану иісі пайда болған кезде жұмысты дереу тоқтатуға, ДК-ні электр желісінен ажыратуға және тікелей бастыққа хабарлауға;
 - 2) жазатайым оқиға кезінде:
 - тікелей бастыққа хабарлауға;
 - жедел жәрдем шақыруға (103 телефоны бойынша);
 - жәбірленушіге алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті көрсетуге;
 - тексеру басталғанға дейін жазатайым оқиға орнындағы жағдайды сақтауға (егер бұл жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмесе);
 - 3) жұмыс орнында өрт шыққан кезде:
 - жұмысты тоқтатуға;
 - әр баспалдақтың жанында едендерде орналасқан өрт туралы қолмен хабарлағыштардың бірінін батырмасын басуға;
 - өрт сөндіру бригадасын шақыруға (101 телефоны бойынша);
 - адамдарды эвакуациялау шараларын қабылдауға;
 - тікелей басшыға хабарлауға;
 - өртті сөндіруге кірісуге міндетті;
 - 4) жұмыскер кенеттен ауырған кезде жедел жәрдем шақыру қажет;
 - 5) жер сілкінісі және өзге де төтенше жағдайлар кезінде Қордың барлық жұмыскерлері өткен арнайы оқытуға сәйкес барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.
- 4.4. Жұмыс аяқталғаннан кейін:**
- компьютерді электр желісінен ажыратуға;
 - компьютерді шаңнан тазартуға;
 - жұмыс орнын тазалауға;
 - жеке гигиена талаптарын орындауға;
 - жұмыс барысында анықталған кемшіліктер болған жағдайда Әкімшілік басқармасының бастығына тиісті қызметтік жазбахатты жолдауға міндетті.
- Мынадай тыйымдар салынады:
- ДК қосылған кезде құрылғының кабельдерін ажырату және қосу;
 - ДК құрылғыларына шаң мен сұйықтықтың түсуіне жол беру;
 - ДК-де дымқыл киіммен және дымқыл қолмен жұмыс жасау;
 - ДК корпусындағы желдеткіш саңылауларды қағазбен және басқалармен жабу;
 - жүйелік блок пен монитордың жоғарғы жағында бөгде заттарды орналастыру;
 - басып шығару кезінде лазерлік принтердің қақпағын ашу;
 - диск жетегіне чиптер мен жарықтары бар CD және DVD дискілерін салу;
 - тазалау кезінде сұйық тазартқыштар мен аэрозольдерді қолдану;
 - ДК-ні жылу көзіне жақын орналастыру.

5. Жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары

5.1. Жұмыскер:

- 1) офистік үй-жайлар үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға, сондай-ақ еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес санитариялық-тұрмыстық жағдайлармен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуге;
- 3) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға оның жұмыс орнындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуын зерттеп-қарауды жүргізу туралы өтінішпен жүгінуге;
- 4) еңбек жағдайларын, қауіпсіздігін немесе еңбек қорғауды жақсартуға байланысты мәселелерді тексеруге және қарауға жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға;
- 5) денсаулығына немесе өміріне қатер төндіретін жағдай туындаған кезде жұмысты орындаудан бас тартуға, бұл туралы тікелей басшыға немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлауға;
- 6) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңсыз әрекеттеріне шағымдануға құқылы.

6. Жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері

6.1. Жұмыскердің міндеттері:

- 1) Жұмыс басталар алдында:
 - жұмыс орнын дайындау;
 - жұмыс үй-жайындағы компьютерлік техниканың, басқа жабдықтың жарамдылығын тексеру;
 - жұмыс күні ішінде жеке гигиенаны сақтау;
- 2) жұмыс күні аяқталғаннан кейін:
 - компьютерлік техниканы, жұмыс бөлмесіндегі басқа жабдықты өшіру;
 - жұмыс бөлмесіндегі барлық терезелердің жабық екеніне көз жеткізу;
 - жұмыскерлер жұмыс күні аяқталғаннан кейін кабинеттің есігін құлыптауға жауапты;
- 3) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы өзінің тікелей басшысына дереу хабарлау;
- 4) жұмыс беруші ұсынатын жабдықтар мен материалдарды мақсатына сай қолдану және пайдалану;
- 5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалар мен Нұсқаулықтың талаптарын, сондай-ақ жұмыс берушінің жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарын сақтау;
- 6) жұмыс беруші айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан, нұсқамадан және білімін тексеруден өту.

7. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары

7.1. Жұмыс беруші:

- 1) жұмыс орындарында қолайлы еңбек жағдайларын жасағаны үшін жұмыскерлерді көтермелеуге, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау бойынша өнертабыстық ұсыныстар енгізуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзатын жұмыскерлерді жұмыстан шеттетуге және тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы.

8. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері

8.1. Жұмыс берушінің міндеттері:

- 1) қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- 2) жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту және даярлау;
- 3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу;
- 4) жазатайым оқиғаларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асыру;
- 5) жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасау, қажетті жабдықтарды

беру және жөндеуді қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік еңбек инспекторларының ұйғарымдарын орындау;

7) еңбек міндеттерін атқару кезінде жұмыскердің денсаулығы мен өміріне зиян келтіру жауапкершілігін сақтандыру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз ету;

9) жіті улану жағдайлары туралы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тиісті аумақтық бөлімшесіне хабарлау.

8.2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жұмыс берушінің қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады. Жұмыскерлер бұл мақсаттарға шығыстарды көтермейді.

8.3. Еңбек не ұжымдық шартта қызметтің ерекшелігін немесе түрлерін, қауіптілігі жоғары көздердің болуын ескере отырып, жұмыс берушінің қосымша міндеттері қарастырылуы мүмкін.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес шешіледі.

